



СЫР ТАБИГАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

ҚАЗАҚСТАНДА Өңірлік ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТ ӨТЕДІ



2026 жылдың 22-24 сәуірі аралығында Қазақстан астанасында қоршаған орта мен су ресурстары проблемаларын талқылау және өзекті мәселелер бойынша келісімдерге қол жеткізу үшін мемлекет басшыларын, сарапшылар және халықаралық ұйымдардың жетекшілерін бір алаңда біріктіретін алғашқы Өңірлік экологиялық саммит өтеді.

Іс-шара мақсаты - қоршаған ортаға қатысты мәселелерді шешудің бірлескен практикалық шешімдерін шығару үшін ашық халықаралық платформа құру.

Орталық Азия елдерінен, Еуропалық Одақтан, ШЫҰ-нан және Таяу Шығыстан шамамен 1500 қатысушы ағымдағы мәселелерді талқылау және мемлекетаралық келісімдерге қол жеткізу үшін саммитке қатысады деп күтілуде. Саммитте негізгі 8 тақырып бойынша мәселелер талқыланады. Олар:

- Экологиялық және табиғи тәуекелдерге бейімделу және экономикалық орнықтылық;
- Азық-түлік қауіпсіздігі және өңір экожүйесі;
- Табиғи ресурстарды орнықты басқару;
- Атмосфералық ауаның ластануымен күрес және қалдықтарды басқару;
- Экологиялық амбицияларға қол жеткізу тетіктері;
- Әділетті және инклюзивті өтпелі кезең;
- Экологиялық және цифрлық құзыреттер;
- Климаттық өтуді қолдау.

Саммит аясында Орталық Азия мемлекет басшылары тарапынан ортақ декларация қабылдау жоспарлануда.


2026 жылы БҰҰ-мен серіктестікте Өңірлік экологиялық саммитті (ӨЭС 2026) өткізу ұсынысын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-ші сессиясы барысында жариялаған болатын.

Саммиттің халықаралық серіктестері: БҰҰ, ЭЫДҰ, ХЭА, ХЖЭА, АДБ, ДБ, ЕҚКДБ, IWMI, SWITCH-Asia. Толық ақпарат <https://res2026.kz/> веб-сайтында.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі, www.gov.kz материалдар бойынша, фото www.gov.kz.

12+ №4(529)
4 ақпан
февраля 2026
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

ВОДА - СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ПРИОРИТЕТ КАЗАХСТАНА



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

КАЗАХСТАН ВПЕРВЫЕ ПРЕДСТАВИЛ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПАВИЛЬОН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ ВЫСТАВКЕ GULFOOD 2026

В Дубае (ОАЭ) прошла одна из крупнейших и наиболее авторитетных мировых выставок пищевой промышленности и напитков - Gulfood 2026.

Казахстан впервые участвовал на этом глобальном форуме единым Национальным павильоном. Участие РК организовано в рамках государственной политики по развитию несырьевого экспорта и продвижению продукции отечественного агропромышленного комплекса на приоритетные зарубежные рынки Ближнего Востока и стран Персидского залива.

Министр сельского хозяйства Айдарбек Сапаров, посетивший Национальный павильон, подчеркнул стратегическое значение участия страны в выставке.

«Участие в Gulfood 2026 - важный шаг, который демонстрирует международному рынку готовность нашей страны стать надежным поставщиком качественной, безопасной и конкурентоспособной агропродовольственной продукции. Эта платформа открывает



Персидского залива, Африки и Южной Азии, продвижения бренда Kazakhstan, привлечения иностранных инвестиций и технологических партнеров в АПК страны», - сказал министр. На одной площадке с ведущими мировыми брендами свою продукцию представили 30 казахстанских компаний. В экспозиции - более 300 наименований экспортно ориентированной продукции, включая зерновые культуры и продукты глубокой переработки, муку, мясную и молочную продукцию, растительные масла и масложировую продукцию, переработанную

продукцию с высокой добавленной стоимостью. Многие отечественные производители имеют международную аккредитацию и соответствуют стандартам Halal.

Среди участников - Asyl Dan LTD, Baltic Control Kazakhstan, Olzha Agro, Atameken Agro, Green Vitamin, QAYIP АТА, «Зерновой Консорциум Казахстана», АО «Баян Сулуу», «Айс компану», BioOperations и другие.

«Участие Казахстана в выставке организовано без привлечения средств республиканского бюджета - все расходы взяли на себя сами компании. Это наглядно подтверждает высокий интерес бизнеса к международным рынкам и стратегический подход к развитию экспортного потенциала. Казахстан открыт к партнерству, инвестициям и совместным инициативам», - отметил Айдарбек Сапаров.

Добавим, Gulfood ежегодно объединяет тысячи компаний и профессиональных посетителей из более чем 190 стран мира, выступая ключевой платформой для развития международной торговли продовольственными товарами.

По материалам Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан, www.gov.kz, фото www.gov.kz, [@qaz.export.promotion.kz](https://qaz.export.promotion.kz).

УСИЛЕНА ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ БЛАГОУСТРОЙСТВА В НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТАХ



ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

БУДУЩИЕ ВЫБРОСЫ ОПРЕДЕЛЯТ СУДЬБУ ВЫРАЩИВАНИЯ АВОКАДО



ЧИТАЙТЕ НА 8-Й СТРАНИЦЕ



возможности для налаживания прямых B2B-контактов с международными дистрибьюторами, трейдерами, расширения экспортных поставок казахстанской продукции на рынки Ближнего Востока, стран



ПРОГНОЗ ПОГОДЫ	Ср., 4 февраля 2026	Чт., 5 февраля 2026	Пт., 6 февраля 2026	Сб., 7 февраля 2026	Вс., 8 февраля 2026	Пн., 9 февраля 2026	Вт., 10 февраля 2026
Кызылорда	Облачно +10°C +2°C, 4 м/с ЮВ, 97% влажн., 753 мм рт.ст.	Пасмурно, небольшой дождь +8°C +2°C, 8 м/с ЮЗ, 97% влажн., 747 мм рт.ст.	Пасмурно, небольшой снег +1°C -6°C, 7 м/с ЮЗ, 94% влажн., 760 мм рт.ст.	Ясно -2°C -7°C, 3 м/с СВ, 78% влажн., 761 мм рт.ст.	Облачно +4°C -5°C, 4 м/с В, 82% влажн., 757 мм рт.ст.	Пасмурно, дождь 0°C +3°C, 4 м/с ЮЗ, 93% влажн., 746 мм рт.ст.	Пасмурно, дождь +1°C -2°C, 3 м/с ЮЗ, 97% влажн., 751 мм рт.ст.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сыбайлас жемқорлықпен күрес уақыт өткен сайын күшеюде. Бүгінгі таңда, аталған қоғамдық індеттің алдын алу, жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру қажеттілігі айрықша күн тәртібіне шығып отыр. Себебі, жемқорлық фактілері қарапайым жағдай емес, ол елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін әлсірететін, қоғамды әділетсіздікке ұшырататын аса қауіпті індет. Сондықтан, паракорлықпен күрестің жылдар бойы жалғасуы заңды құбылыс. Ел мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту болып табылады.

Біз, мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік қызметтің оң нәтижесін және мемлекеттік орган жұмысының ашықтығын нығайту үшін барлық шараларды қабылдаймыз.

Сырдария аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шаралар жоспарын» әзірлеп, бекітіп жыл бойы осы іс-шараның орындалуын қамтамасыз етеді. Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау мақсатында басқарма басшылығы кесте бекітіледі. Халыққа қызмет көрсету аймағында «сенім телефоны» және Әдеп жөніндегі уәкілдің байланыстары бар ақпараттық стендтер орналастырылған.

Жұмысшы тобы тарапынан әр тоқсанның қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі. Басқарманың барлық қызметкерлері өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдады және тиісті міндеттемелерге қол қойды. Барлық хат-хабарларды қабылдау және беру мамандардың жеке және заңды тұлғалармен (өтініш берушілермен) байланысын болдырмай жүргізіледі.

Facebook және Instagram ресми парақшасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ақпараттық материалдар, бейнелер мен инфографикалар тұрақты негізде жарияланады. Қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында басқарма мамандарына семинарлар өткізіледі, жыл басынан бері мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің нормаларын зерделеу бойынша құқықтық семинар өткізіледі.

Басқарма қызметкерлері мен олардың жұбайлары жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде өздерінің барлық активтерін тіркей отырып, «кірісі» декларацияларын ұсынады. Басқарманың мемлекеттік қызметшілері тарапынан проблемалық мәселелерді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақытылы анықтау мақсатында ақпараттық кеңістік мониторингін тұрақты жүргізеді. Мемлекеттік қызметтер электрондық үкімет порталы арқылы электрондық тәсілмен көрсетіледі. Ағымдағы жылда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзушылық болған жоқ, көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына шағымдар түскен жоқ.

Басқармада сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ, алдын алу мақсатында жұмыстар жалғасуда, егер Сіз, қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық фактісіне тап болсаңыз немесе санитариялық – эпидемиологиялық бақылау қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе моральдық – этикалық нормаларды бұзғаны туралы белгілі болса, Басқармаға Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Г.Мұратбаев көшесі 103/2 мекенжайы бойынша немесе 8(724-36) 21-1-91 сенім телефоны арқылы мәлімдей аласыз.

Қ.ОМАРОВА,

Сырдария аудандық СЭБ Басқармасының басшысы.

ДАРА КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІКТЕР!

Салық кодексінің нормаларына сәйкес қолданылатын режим туралы хабарлама ұсыну мерзімі 01.01.2026- 28.02.2026 ж.ж. аралығында:

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР, шарттары:
- жеке тұлға;
- Кірісі- айына 300 АЕК (1,3 млн теңге/ай);
- Жалдамалы қызметкерсіз;
- Мөлшерлеме - 4% тек МЗЖ, ЖБМЗЖ,ӘА, МӨМС (ЖТС-сыз);
- Қолдануға рұқсат етілген (40)қызмет түрлері тек тізімге сәйкес.
Оңайлатылған декларацияға негізделген АСР, шарттары:
- ДК, ЖШС;
- Кірісі- 600 000 АЕК жылына (2,4 млрд. теңге);
- Жалдамалы қызметкерлер саны – шектеусіз;
- Мөлшерлеме- 4% В2С (жеке тұлғалармен) және В2В (бизнес субъектілерімен) (маслихаттар 50%-ға дейін төмендетіледі/көтереміз);
- Қолдануға тыйым салынған (185) қызмет түрлерінің тізімі (ҚР ҰК).

Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған АСР, шарттары:
- ШҚ;
- Салық жеңілдіктері сақталады, тек ЖТС түрінде салық салынады. БЖС алынып тасталады;
- Мөлшерлеме - кірістен 0,5%.

Хабарламаны СТК (КНП), «e-Salyq business» мобильді қосымшасы, ірі банктердің банк қосымшалары немесе орналасқан жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармаларына қағаз жүзінде ұсынуға болады.

Назарға алу! Көрсетілген мерзім ішінде тиісті хабарламалар ұсынбаған салық төлеушілер, автоматты түрде жалпыға бірдей белгіленген салық салу режиміне ауыстырылады, режимнің басталуы 2026 жылдың 1 қаңтар болып табылады.

Қызылорда қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы.



ЖЕЛШЕШЕК АУРУЫ

Желшешек - бұл ағзаның орташа улануымен және тері мен шырышты қабатта дақты бөртпелермен сипатталатын желді вирусты жұқпалы ауру. Желшешек тез таралатын аурулар қатарына жатады. Инфекцияны қабылдаушылық өте жоғары. Ересек адамдарда асқынұлар балаларға қарағанда көбірек кездеседі. Желшешек қоздырғышы вирус. Сыртқы ортада төзімсіз: күн жарығы, қыздыру, ультракүлгін сәулелері әсерінен тез жойылады. Инфекцияның көзі - тек адамдар болып табылған. Ауру ауа-тамшылы жолмен беріледі Қабылдаушылық өте жоғары, ол әлемнің барлық елдерінде кең таралған. Желшешек ауруының 10 пайызға жуығы 15 жасан жоғары балаларға тән. Ауру жылдың суық мезгілдерінде жоғарылайды. Ауырып шыққандарда тұрақты иммунитет қалыптасады. Инфекцияның кіру қақпалары тыныс алу жолдарының шырышты қабықтары болып табылған. Вирус қанға өтіп, содан соң теріге түседі де, ерекше бөртпенің пайда болуын тудырады. Желшешектің жасырын кезеңі 10-21 күнге созылады. Алғашқы кезең қысқа, оның клиникалық нышандары жоқ, бар жоғы 1 тәулікке жуық созылады.

Ауру бөртпенің пайда болуымен бірден басталады. Бөртпе кезеңі желшешектің аса ерекше білінуі болып табылған. Бөртпенің бірінші элементтері терінің кез-келген жеріне шығуы мүмкін: ішке, жамбасқа, иыққа, кеудеге, бет пен басқа, шаш арасында орналасады. Табиғи шешектен айырмашылығы бұл кезде бетке бөртпе аз шығады, әрі ол кеуде мен аяқ-қолдан кейін кештеу пайда болады. Бөртпе әр түрлі уақытта дамығаны байқалады. Желшешектің ерекше білінуі, бөртпе элементтерінің тек қана тері де емес және шырышты қабықтарда да дамуы болып табылған. Энантема қатты тандайға, жаққа, қызыл иекке, тілге жұтқыншақтың арт жағына, ал қыздарда жыныс мүшелерінің шырышты қабықтарына жайылып шығады. Бөртпе кезеңінде ағзаның улануы әлсіз, аздаған дене қызуы байқалады. Желді кезеңде науқастар төсек тәртібін сақтауы керек, төсек жаймалары мен іш киімнің тазалығын және қолды таза ұстап, тырнақты алып тұру керек. Науқасты соңғы жаңа бөртпе элементтері пайда болғанға дейін, 5 күнге дейін үйде жеке ұстайды. Ал бұрын бұл инфекциямен ауырмаған, жел шешекпен ауырған науқаспен байланыста болған 7 жасқа дейінгі балаларды 21 күн оңаша жатқызады.

О.ЖАХАНОВ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ВОДА – СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ПРИОРИТЕТ КАЗАХСТАНА



Водная безопасность – ключевой вызов современности, а для Центральной Азии в особенности, говорят эксперты. По данным ООН, с 2015 года регион потерял 12% возобновляемых водных ресурсов на душу населения. Казахстан, обладающий огромной территорией и не имеющий выхода к морю, четко осознает истинную ценность воды, передает «24KZ». Сегодня водный фонд Казахстана составляет 106 кубических километров. Почти половина ресурсов формируется за счет трансграничных рек. Семь из восьми водных бассейнов страны зависят от водной политики соседних государств. Самым уязвимым остается Арало-Сырдаринский бассейн: приток воды из Узбекистана сократился на 38%. В его состав входит Сырдарья – главная река Центральной Азии, питающая Аральское море. На втором месте по рискам Шуль-Таласский бассейн. Здесь объем воды, поступающей из Кыргызстана, уменьшился почти на треть. При этом этот ресурс критически важен для орошения южных регионов Казахстана.

Булат Есекин, координатор Центральноазиатской платформы по управлению водными ресурсами и изменению климата:

– Трансграничный сток полностью зависит от наших соседей и природных условий. Оба фактора работают не на нашу пользу. Экономика в Китае, Центральной Азии и России, связанная с увеличением водопотребления, растет. При этом второй фактор – изменение климата, таяние ледников, что сокращает сток. Год был хороший, воды было много, но радоваться этому не нужно, потому что экологии и ученые объясняют: идет повышенное таяние ледников и увеличенный сброс воды с поверхности земли. То есть вода стекает, испаряется больше, уходит в океаны. По прогнозам Всемирного банка, это ускорит быстрорастущий водный кризис, который стал уже глобальным. Еще две ключевые водные артерии Казахстана – Иртыш и Или, которые связывают страну с Китаем. Водные отношения с Поднебесной регулируются двусторонним межправительственным соглашением 2001 года. При этом документ носит декларативный характер и не предусматривает обязательств по справедливому распределению воды. Эту проблему прямо обозначили в концепции развития системы управления водными ресурсами.

Бибарыс Данабаев, главный эксперт Управления водного сотрудничества с Китаем и Россией:

– С 2015 года ведется работа по согласованию проекта соглашения о распределении вод трансграничных рек. Но при этом ключевым вопросом остается формирование нормативно-правовой базы по выделению. Прошло более 15 рабочих групп. Мы с китайцами работаем усердно, стараемся встречаться два раза в год и обсуждать этот документ. Важную роль в регулировании и управлении водными ресурсами между странами Центральной Азии играет Межгосударственная координационная водохозяйственная комиссия. Этот орган был создан более 30 лет назад для рационального использования и охраны трансграничных вод.

Вадим Соколов, руководитель Агентства по реализации проектов МФСА в Узбекистане:

– К сожалению, в МКВК нет четких строгих механизмов контроля и соблюдения этих режимов, поэтому очень часто они нарушаются, исходя из реальной ситуации, энергетических перепадов и других факторов. До сих

пор нет четкого механизма исполнения. Только на базе компромиссов можно достичь прогресса. Несмотря на существующие сложности, страны региона продолжают искать точки соприкосновения и усиливать сотрудничество в водной сфере. Акцент смещается на регулярный диалог, обновление договорной базы и совместные практические шаги. Казахстан делает ставку на системную работу с соседними государствами.

Ерболат Пернехан, руководитель Управления водного сотрудничества по Центральной Азии:

– На ежегодной основе проводим двусторонние и трехсторонние встречи на территориях сопредельных государств. Также принимаем гостей у себя. 15 ноября 2025 года в Ташкенте было подписано межправительственное соглашение между Казахстаном и Узбекистаном, которое углубляет существующий механизм сотрудничества, расширяет полномочия совместной комиссии и так далее. Они действуют и работают, выполняют все поставленные задачи. Всегда есть, куда расти в условиях изменения климата, роста потребления экономик в сопредельных государствах и нашего государства. Параллельно с международными переговорами Казахстан усиливает работу внутри страны. По поручению Правительства приоритет сделан на модернизацию водохозяйственной инфраструктуры. Речь идет о снижении потерь воды и более эффективном использовании имеющихся ресурсов, особенно в условиях изменения климата и роста потребления.

Ерболат Пернехан, руководитель Управления водного сотрудничества по Центральной Азии:

– Мы ведем работу по строительству, реконструкции и развитию водохозяйственной инфраструктуры: реконструкция каналов, строительство новых водохранилищ, сбор паводковой и зимней воды, уменьшение потерь при транспортировке и орошении. Водная безопасность остается одним из стратегических приоритетов Казахстана. На V заседании Национального курултая Президент Касым-Жомарт Токаев особо подчеркнул значение водной дипломатии для устойчивого развития страны и всего региона.

Касым-Жомарт Токаев, Президент Республики Казахстан:

– Вода – стратегический ресурс для нашей страны. Мы должны системно заняться водным вопросом. В прошлом году я предложил создать Международную водную организацию. Нам необходимо последовательно продвигать эту инициативу в рамках реформирования Организации Объединенных Наций. В апреле в Астане пройдет Международный экологический саммит. На форуме мы обсудим проблему Аральского моря с главами государств-членов Международного фонда спасения Арала. Надеемся, что возрождение Малого Арала откроет путь к дальнейшему устойчивому прогрессу всего региона. Эффективное управление трансграничными и внутренними ресурсами, модернизация инфраструктуры и активное сотрудничество с соседними странами помогают минимизировать риски и обеспечивать устойчивое водоснабжение. При этом эксперты отмечают: ключ к успеху – постоянный диалог, поиск компромиссов и системная работа, направленная на сохранение и рациональное использование самого ценного ресурса страны – воды.

По материалам Н.Эльбрусоевой, www.24.kz,
фото из открытых источников.

«НАЦФОНД – ДЕТАМ»: ИТОГИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРЕДСТВ СОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ КАЗАХСТАНЦАМИ НА 1 ЯНВАРЯ 2026 ГОДА

По состоянию на 1 января 2026 года в период с 1 февраля 2024 года исполнено 205 505 заявлений на получение целевых накоплений. Общая сумма средств в размере более 31,61 млн долларов США была переведена уполномоченным оператором для последующего зачисления на банковские счета заявителей – граждан, достигших 18 лет. Из них 127 445 заявлений на сумму 19,69 млн долларов США были исполнены в целях улучшения жилищных условий, а 78 060 заявлений на сумму 11,92 млн долларов США – в целях оплаты образования. Напомним, что получатель целевых накоплений (ЦН) может использовать всю сумму полностью или частично, при этом неиспользованный остаток сохраняется на целевом накопительном счете (ЦНС). Наиболее популярными субъектами использования средств на улучшение жилищных условий стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 124 490 заявлений на сумму в размере 19,27 млн долларов США), внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища - 999 заявлений на сумму в размере 145,39 тыс. долларов США, приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчет) - 757 заявлений на сумму в размере 108,64 тыс. долларов США. Самыми популярными субъектами в рамках оплаты образования стали: оплата образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 71 025 заявлений на сумму в размере 11,03 млн долларов США), пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 4 933 заявления на сумму в размере 608,47 тыс. долларов США), оплата образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объеме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 1 706 заявлений на сумму в размере 228,32 тыс. долларов США).

С подробной информацией о выплатах целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz. Напомним, что:

- участниками целевых требований являются граждане

Республики Казахстан, не достигшие 18 лет, имеющие право на целевые требования;

- Национальный Банк Республики Казахстан (НБРК) ежегодно (1 октября) направляет в ЕНПФ отчет, содержащий информацию об общей сумме целевых требований, ставке усредненного инвестиционного дохода и сумме инвестиционного дохода, начисленного на ранее сформированные целевые требования участников целевых требований;

- ЕНПФ ежегодно не позднее 20 января формирует электронный список участников целевых требований в информационной системе ЕНПФ на основании полученных сведений из Государственной базы данных «Физические лица» (ГБД ФЛ) по состоянию на конец 31 декабря;

- ЕНПФ на основании полученной информации от НБРК и сведений о количестве участников целевых требований, включенных в электронный список, рассчитывает и вносит в информационную систему ЕНПФ данные на одного участника целевых требований о сумме целевых требований за отчетный год, сумме инвестиционного дохода, начисленного на сумму целевых требований по состоянию на конец года, предшествующего отчетному году;

- учет целевых требований, целевых накоплений и целевых активов ведется ЕНПФ в долларах США.

Целевые требования за отчетный 2025 год, а также инвестиционный доход будут начислены участникам целевых требований не позднее 1 февраля 2026 года.

Целевые накопления казахстанцев, рожденных в 2008 году и достигших в 2026 году 18 лет, также будут зачислены на их целевые накопительные счета не позднее 1 февраля 2026 года.

Регулярные отчеты по программе «Нацфонд – детям» размещаются на сайте enpf.kz.

Ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы можно на сайте kids.enpf.kz и на YouTube-канале БЖЗК ЕНПФ. Также отметим, что видеонструкция о реализации программы «Национальный фонд – детям», алгоритме действий до и после наступления совершеннолетия ребенка размещена на YouTube-канале БЖЗК ЕНПФ по ссылке: <https://www.youtube.com/watch?v=HHQNAxfskX8>.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ

Адам папиллома вирусы дегеніміз не және одан өзімізді қалай қорғаймыз? Бұл вирус жиі кездеседі. Негізінен, вирусты жыныстық қатынас барысында жұқтырады, сонымен қатар тұрмыстық жағдайларда да жұқтыру мүмкіншілігі жоғары. Көбіне вирусты жұқтырғанды (жұқтырған) адам бұл вируспен зақымданғанын білмей де қалады, өйткені вирус өзінің клиникалық көріністерін айқын көрсетпейді де мүмкін.

Папиллома вирусы немесе адам папиллома вирусы (АПВ) - папиллома вирустық топтардан құралған. Бес тұқымдастықтан шыққан 27 түрі кездеседі, 200-ден астам типтес вирустық топ, вирустың кейбір штамдары онкология тудыруы мүмкін. Адам папиллома вирусы (АПВ) - өзімен-өзі кетіп қалмай, жатыр мойнының жасушаларына көптеген өзгерістер алып келуі мүмкін. Сондай-ақ рақалды қабынуларға да, уақытылы ем-делмеген жағдайда жатыр мойны обырына алып келуі мүмкін. Статистикаға сүйенсек, папиллома вирустың жұқтырған адамдарда инкубациялық кезең бірнеше айлардан 10-15 жылдың ішінде жатыр мойны обырының өршуіне алып келуі мүмкін. Ең қауіп тудыратыны - 6, 11, 16, 18 тұқымдастықтан туындайтын вирустар тобы.



Адам папиллома вирусын қалай анықтауға болады? Вирус папилломасы терінің шырышты, кілегейлі қабықтарында білінбейтін кішкене өсімдіктердің пайда болуымен ерекшеленеді. Жыныстық мүшелердің шырышты қабатында да үшкірленген кондиломалар, өсімдіктер байқалуы ықтимал. Теріде сүйел, ұшық, өсімдіктердің пайда болуымен ерекшеленеді. Уақытылы емделмесе осы айтылған жатыр мойны обырына алып келуі мүмкін. Жұғу жолдары - тұрмыста жанасқанда, жыныстық жолмен, жүкті әйелден ішіндегі балаға

жұғады. Осыған орай, дәрігерлер дабыл қағуда. Өйткені статистикаға сүйенсек, Қазақстанда жатыр мойны обыры таралуы бойынша барлық жастағы әйелдердің арасында сүт безі обырынан кейін екінші орында тұр және 25-44 жас аралығындағы әйелдерде көп кездесіп, өлім-жітімге алып келуде. Қазақстанда жыл сайын 1900-ға жуық әйел жатыр мойны обырымен тіркеліп, жылына 600-ден астам әйел осы кеселден қайтыс болуда.

Аурудың алдын алу шаралары:

- күмәнді адамдармен жыныстық қатынасқа түспеу;
- иммунитетке мән беру, жыныстық ағзаларды таза ұстау, жаракат алмауға, қабынуға жол бермеу. Адамның иммунитеті жоғары болса, вирусты әлсіретіп басып жоюы мүмкін. Ал егер иммунитеті күрт төмендесе, онда вирустың әсері жоғарылап, асқинуларға алып келуі ықтимал;
- әйел адамдарға уақытылы, жылына екі рет дәрігерге көрініп, тиісті зертханалық зерттеге анализ тапсырып отырғандары дұрыс;
- ең бастысы, АПВ-ны алдын алудың негізгі жолы - вирусқа қарсы екпе алу.

Адам папиллома вирусына қарсы вакцина жатыр мойны обырынан қорғайды, сонымен қатар адам вирус папилломасына қарсы вакцина әйелдің бала туу қауіпін есер етпейді.

АПВ-ға қарсы вакцинациялау әлемнің 135 елінде жүргізіледі, сондай-ақ көршілес елдерде, 2013-14 жылдардан бастап Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркіменстанда, Ресейде де жүргізілуде. Әлемдік деңгейде АПВ-ға қарсы вакцина өзінің тиімділігін дәлелдеген. Сонымен бірге жасөспірім қыздар арасында вакцинациялаудан кейінгі жағымсыз реакциялар тудырғаны жөнінде дәйексіз тіркелмеген.

Қазақстанда адам папиллома вирусына қарсы вакцинациялау 11 жастағы қыздарға жасалады. Себебі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша АПВ вакцинасын ерте жаста, яғни 9-14 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында қолдану барынша тиімді.

Вакцина білім беру ұйымдарындағы ету кабинеттері арқылы тегін жүргізіледі. Вакцинациялауға ата-анасынан немесе қамқоршыларының ақпараттандырылған келісімдерімен жүргізіледі. Сонымен қатар вакцинациялауға денсаулығында ақауы жоқ, сау балаларға дәрігердің тексерулерінен кейін, қарсы көрсеткіштері болмаған жағдайда жүргізіледі. АПВ вакцинасы иммунитетті төмендеп, әсіресе адамдар үшін де қауіпсіз. Вакцинация Гардасил вакцинасымен жүргізіледі, алты ай интервалымен екі рет етіледі.

Г. ТУСМАҒАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

ЛЕПТОСПИРОЗ

Лептоспироз - жедел өтетін жұқпалы табиғи-ошақтық ауру. Оның қоздырғышы - Leptospira туысына жататын бактериялар. Ауру адамға көбіне жануарлардан жұғады және ауыр интоксикациямен, ішкі ағзалардың зақымдалуымен сипатталады.

Жұғу жолдары:
Лептоспироз келесі жолдармен жұғады:

- ауру жануарлардың (ірі қара, шошқа, ит, кеміргіштер) зәрімен ластанған су арқылы;
- ашық су қоймаларында шомылу кезінде;
- жаракаттанған тері мен шырышты қабат арқылы;
- мал шаруашылығы өнімдерімен жұмыс барысында.

Аурудың түрлері. Клиникалық ағымына қарай:

- саргаюсыз түрі,
- саргаюлы түрі (бауыр зақымдалады),
- ауыр (геморрагиялық) түрі деп бөлінеді.

Негізгі белгілері:

- дене қызуының кенет 39-40°C-қа көтерілуі;
- қалтырау, қатты әлсіздік;
- бұлшықет, әсіресе балтыр бұлшықетінің қатты ауруы;
- бас ауруы, көздің қызаруы;
- жүрек айну, құсу;
- саргаю, қан кету (ауыр түрінде).

Алдын алу шаралары:

- ашық су қоймаларында шомылу кезінде сақтық шараларын сақтау;
- кеміргіштермен күресу;
- малды жүйелі ветеринарлық тексеруден өткізу;
- жеке қорғаныш құралдарын пайдалану;
- қауіпті аймақтарда профилактикалық вакцинация жүргізу.



Емі. Лептоспироз антибиотиктермен және симптоматикалық еммен жүргізіледі. Ауруды ерте анықтап, дер кезінде емдеу ауыр асқинулардың алдын алады.

Қорытынды. Лептоспироз - адам денсаулығына үлкен қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Алдын алу шараларын сақтау және уақытында медициналық көмекке жүгіну аурудың ауыр өтуіне жол бермейді.

Г.С.АЙЫМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы, ашық көздерден алынған фотосурет.

В КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБСУДИЛИ ВОПРОСЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПИТЬЕВОЙ ВОДОЙ



Советник Премьер-Министра Республики Казахстан Ералы Тугжанов, прибывший в регион с рабочей поездкой, провёл совещание по вопросам обеспечения населённых пунктов качественной питьевой водой.

В ходе заседания был рассмотрен ход исполнения поручения Главы государства по обеспечению населения 100-процентным централизованным питьевым водоснабжением до конца 2025 года. Особое внимание уделено реализуемым в Кызылординской области проектам в сфере водоснабжения, включая строительство групповых водопроводов, прокладку внутренних водопроводных сетей и установка устройств по

опреснению воды.

В совещании в режиме видеоконференцсвязи принял участие аким Казалинского района Алмасбек Есмаханов, который доложил о реализованных проектах водоснабжения на территории района. В частности, было отмечено, что в населённых пунктах Сарбулак, Шитубек, Шакен и Шили полностью завершено строительство внутренних водопроводных сетей. Также он остановился на проводимой работе по обеспечению жителей качественной питьевой водой.

Кроме того, была представлена информация о работе опреснительной установки, установленной в селе Бирлик, а также рассмотрены вопросы качества и доступности питьевой воды в районе.

Подводя итоги совещания, советник Премьер-Министра подчеркнул, что обеспечение населения качественной питьевой водой является одним из ключевых факторов сохранения здоровья граждан, повышения качества жизни и устойчивого социально-экономического развития страны. Он отметил, что в данном направлении на республиканском уровне не должно возникать никаких проблем.

По итогам совещания был дан ряд конкретных поручений, а ответственным государственным органам поставлены задачи по своевременному и качественному завершению реализуемых проектов.

По материалам Kyzylorda-news.kz, перевела А.Маратбекқызы, фото www.gov.kz.

АУЫЗ СУ ТІРШІЛІК КӨЗІ - ҰҚЫПТЫЛЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ!



Аудан тұрғындарын ҚР Су ресурстары және Ирригация Министрлігінің «Қазсуар» ШЖҚ РМК Сыр суы филиалының «Қармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі», «Қармақшы ауданы Төретам кенті және Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің пайдаланушы өндірістік бөлімшесі» және «Октябрь топтық су құбыры» бөлімшелері ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр.

Орталықтандырылған су жүйесі дегеніміз - бұл, су көздерінен су алуға оның сапасын жақсартуды немесе оңсыз, суды сақтауды, ауыз су пайдаланатын орындарға беруді қарастыратын, елді мекендерді сапалы ауыз сумен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуге арналған шаралар мен құрылыстар, құрылыстар және су құбырларының кешені болып табылады.

Су сапасының үлкен гигиеналық маңызы бар. Ауыз судың стандартта көрсетілген нормативтерге сай екенін суға химиялық, бактериологиялық, радиологиялық зерттеу жүргізіп анықтайды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығына сәйкес ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге арналған судың сапасына қойылатын гигиеналық талаптар эпидемиологиялық қауіпсіздік, химиялық құрамының зиянсыздығы және қолайлы органолептикалық қасиеттері принципіне негізделген. Ауыз су сапасын бақылау - мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамту және жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында Қармақшы ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен ауыз су және ашық су сапасына санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізіліп, жіті бақылануда. Мәселен, 2025 жылдың 12 айында Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасымен Қармақшы ауданының сумен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу аясында орталықтандырылған су құбырынан ауыз судың санитарлық-химиялық көрсеткішке 176 су сынама алынып, сәйкессіздік анықталмаған. Ауыз судың микробиологиялық көрсеткіштеріне 176 сынама алынып, 2-сәйкессіздік жалпы микроб саны жоғары екені анықталды. Өндірістік бақылауды өздерінің қызметтері бойынша 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы ҚР кодексінің 90 бап 4 тармағының 4) тармақшасына сәйкес жүзеге асырады.

«ҰСО» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қармақшы аудандық бөлімшесімен келісім-шарты жасалып, ай сайын өндірістік бақылаумен қамтамасыз етілген, ауыз судың сапасының көрсеткіштері басқарма тарапынан қатаң қадағаланады. Өндірістік бақылау кезінде санитарлық химиялық зерттеуге 443 сынама алынып, 2 сәйкессіздік, бактериологиялық зерттеуге алынған 443 сынамадан 3-еуінен сәйкессіздік анықталды. Орталықтандырылған ауыз су жүйелеріне 2025 жылдың көктем - күз уақытында су құбырларын хлормен залалсыздандыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп қандағаланды.

Тұрғындарды сумен қамтамасыз етудің негізгі шарты - ауыз судың сапасы мен қауіпсіздігі, яғни микробиологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша санитариялық талаптарға сәйкестігі. Себебі ұйымдастырылмаған суды тұтыну, су тазартқыш құрылыстарындағы, су құбырындағы техникалық бұзылыштар, қарапайым жеке гигиена ережелерін сақтамау жұқпалы аурулардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Адам денсаулығы ауыз су сапасына тікелей тәуелді. Сондықтан су сапасының үлкен гигиеналық маңызы бар. Ауыз судың стандартта көрсетілген нормативтерге сай екенін суға химиялық, бактериологиялық, радиологиялық зерттеу жүргізіп анықтайды. Судың органолептикалық қасиеті мөлдірлігімен, дәмімен және иісімен сипатталады. Судың химиялық (минералдық) құрамы 85%-ға дейін кальций, магний, натрий катиондарынан, гидрокарбонат, хлорид, сульфат аниондарынан тұрады. Қалған бөлігі аммоний, калий, нитрит, фосфат аниондарынан және микроэлементтерден (фтор, йод, цинк және т.б.) тұрады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығы «Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына және су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 бұйрығына сәйкес санитариялық норма мен ережесіне сай ауыз су ретінде қолданылатын су эпидемиологиялық радиациялық жағынан зиянды емес және органолептикалық қасиеті жақсы болуы керек.

Судың мөлдірлігі судың құрамындағы қалқып жүрген заттарға байланысты. Ауыз су ретінде қолданылатын судың мөлдірлігі 30 см тереңдікте судың астына қойылған белгілі шрифтпен жазылған жазу көрінетіндей болу керек. Судың түсіне ашық және терең емес жер асты суларынан алынған судың құрамында топырақтан жуылған гуминді заттардың болуы, су гүлденген кезде және ашық су көздері қалдық сулармен ластану әсерінен болуы мүмкін. Судың түсі нормада 20-35 °тан көп болмауы керек. Судың дәмі мен иісі судың құрамындағы өсімдік тектес органикалық заттардың болуына байланысты, олар суға батпақтың, шөптердің иісіндей иіс береді. Сонымен қатар судың иісіне және дәміне судың өндірістік қалдықтармен ластануы да әсер етеді. Суды зерттеу кезінде иісінің қарқындылығын және сипатын анықтайды. Ауыз су ретінде қолданылатын судың иісі мен дәмінің қарқындылығы қазіргі кезде қолданып жүрген нормативтерге сай 2 балдан көп болмауы керек.

Санитарлық норма мен ережеге сай су химиялық құрамы жағынан зиянсыз болу керек және табиғи судың құрамында кездесетін заттар, суға өңдеу процесінде қосылатын реагенттер, адамдардың іс-әрекет нәтижесінде суды ластайтын заттардың мөлшері стандарттағы нормативтерге сай болуы керек.

Гигиеналық жағынан маңызы жоғары болып келесі көрсеткіштер саналады.

Темір көбіне жер асты суларының құрамында темірдің дигидрокарбонаты түрінде кездеседі. Су аумақ қатынасқа түскенде темір тотығып, темірдің гидроксидіне айналады. Ол суға лайлы қоныр түс береді. Егер судың құрамында темірдің мөлшері 0,3-0,5 мг/л-ден көп болса, судың органолептикалық қасиеті нашарлайды, ал оның мөлшері судың құрамында 1-2 мг/л болған кезде, лайлылық пен түсінен басқа судың дәмі де өзгереді. Нормада темір мөлшері-1 мг/л ден көп болмауы керек.

Хлоридтер. Жай ағынды сулардың құрамында көп емес мөлшерде 20-30 мг/л дейін кездеседі. Құрамында хлордың мөлшері 350-400 мг/л болса, онда суда тұзды дәм пайда болады. Ол асқазан сөлінің бөлінуіне теріс әсер етеді. Стандартқа сай судың құрамында хлоридтер нормада 350 мг/л ден аспауы керек.

Сульфаттар. Өзен суларында және тұзды көлдердің шөгінділерінде тұрақты түрде кездеседі. Судың құрамында сульфаттардың мөлшері 500 мг/л болса, суда ащы-тұзды дәм пайда болады. ол асқазан сөлінің бөлінуіне теріс әсер етеді. Мұндай суды бұрын қолданбаған адамдарда диспепсия болуы мүмкін. Стандартқа сай судың құрамында сульфаттардың мөлшері 500 мг/л ден аспауы керек.

Фтор қосылыстары құрамындағы фтор ионы сүйектің және тістің минералдануына қатысады. Су құрамындағы мөлшері нормада 1,2-0,5 мг/л болу керек. Егер суда фтордың мөлшері 5 мг/л дейін көтерілсе ол адамдар арасында сүйектердің зақымдануын туындатады (остеосклероз, остеопороз).

Сумен қамтамасыз ету көздерін сақтық санитарлық бақылау - санитарлық қорғау аймақтарын (СҚА) ұйымдастыруға негізделген. Санитарлық қорғау аймақтары деп сумен қамтамасыз ету көздерін және су тазалау стансасы айналасындағы аймақты айтады. Бұл жерде арнайы тәртіп бекітіледі, оның мақсаты халыққа берілетін су сапасының нашарлауының алдын алу. Бұл тәртіп аймақтың санитарлық жағдайын жақсарту шараларын жүргізуде ғана емес, қоршаған ортаның жаңа ластану көздерінің пайда болу мүмкіндігінің алдын алу болып табылады.

Ауыз судың құрамына жұқпалы аурулардың қоздырғыштары түскен жағдайда, ауыз суды қайнатылмаған күйде пайдалану адам денсаулығы үшін қауіпті. Себебі су арқылы іш сүзегі, тырсық, дизентерия, вирусты гепатит А сияқты жұқпалы аурулар тарайды. Өртүрлі жұқпалы аурулардың басым көпшілігі ауа, тамақ, ауыз су арқылы жұғатынын ескерсек, бұл проблеманың шын мәнінде қаншалықты өзекті екенін байқаймыз. Сол себепті ішерге азық, дертке дауа болатын, жұынсақ тазалық сыйлайтын, қарапайым тіршілік көзіне де ұқыптылықпен қарағанымыз жөн.

А.СМАЙЛОВА,
Қармақшы аудандық санитариялық-гигиеналық бақылау, техникалық регламенттер талаптарының сақталуын бақылау бөлімінің бас маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН БЮДЖЕТ КІРІС БӨЛІГІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ



2025 жылдың қорытындысымен Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдер көлемі 126 млрд. 978 млн. тенге, жоспардың орындалуы 104,2% немесе 3 млрд.64 млн. тенге артық орындалды.

Өткен жылмен (2024ж нақты түсім 115 млрд. 975 млн.тенге) салыстырғанда – 11 млрд. 003 млн.тенге артық түсіп, өсу қарқыны 109,5% құрады.

Республикалық бюджет бойынша салықтық түсімдер 95 млрд. 437 млн. тенге құрап, өткен жылмен салыстырғанда түсім 6 млрд. 589 млн тенгеге немесе өсу қарқыны 107,4% артты (2024 ж түсім 88 млрд. 847 млн тенге).

Жергілікті бюджет бойынша салықтық түсімдер 31 млрд. 541 млн тенгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда түсім 4 млрд. 413 млн тенгеге немесе өсу қарқыны 116,3% артты (2024 ж түсім 27 млрд. 128 млн тенге).

Жергілікті бюджет түсімінің үлесін: 47,1% КТС; 9,5% тіркеу алымы (БСК 105429); 8,5% баж салығы; 7,8% мүлік салығы; 7,7% жұмысшылардың еңбекақы қорынан ұсталатын жеке табыс салығы; 7,1% әлеуметтік салық және 4,9% жеке тұлғалардың көлік салығы құрап отыр.

Негізгі кіріс көздері ретінде корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы мүлік және көлік салықтары, сондай-ақ, шағын және орта бизнес субъектілерінен түсетін төлемдер сақталды. Кәсіпкерлік белсенділіктің артуы мен экономиканың бірқатар салаларындағы оң динамика бюджет кірістерінің өсуіне оң әсерін тигізді.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша

2025 жылдың қорытындысымен 188 666 Мемлекеттік қызмет көрсетілген: оның ішінде: электронды түрде – 175 235, яғни 93,0%, ал, қағаз жүзінде – 13 431 мемлекеттік қызмет көрсетіліп 7,0% құрап отыр.

- Барлығы 497 салық төлеуші ҚҚС төлеуші есебіне тұруға өтініш беріп тіркелген, оның ішінде, жыл басынан 366 салық төлеуші тіркелген және жыл басынан есептен шығарылғаны – 269.

- Кәсіпкерлік қызметін уақытша тоқтату туралы шешім шығарылғаны – 1980;

- Салық есептілігін тапсырған саны: қағаз тасығышта/пошта түрінде - 1411, электронды түрде – 159 946.


Салық базасын ұлғайту бойынша

Сонғы 3 (үш) жылда облыс аумағында, оның ішінде, Қызылорда қаласының салық базасын ұлғайтуға, әрбір өңір өз бюджет кірісінің үлесін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау жөнінде аймақ басшысы тапсырма беріп, тапсырмаға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Осыған сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің салық базасын арттыру бағытында жұмыс жоспары бекітілді. Оған барлық мүдделі органдар, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қатысуымен жұмыстар тиісінше жүргізіліп, атқарылған жұмыстар нәтижесінде 2025 жылдың қорытындысымен жергілікті бюджетке қосымша 2 млрд. 621 млн.тенге кіріс көзі қамтамасыз етілді.

Мемлекеттік кірістер Басқармасы бюджет кірістерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, салықтық базаны кеңейту және жергілікті бюджеттің қаржылық дербестігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береді.

Фердоуси Әбілқасымұлы ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының басшысы.



**УСТАНОВКА
ИНФОРМАЦИОННОЙ
СИСТЕМЫ ДЛЯ УПРАВЛЕНИЯ
ПОДЗЕМНЫМИ ВОДАМИ
ЗАВЕРШЕНА В КАЗАХСТАНЕ**

Национальной гидрогеологической службой завершена установка и развертывание информационной системы Water Base, передает Kazinform со ссылкой на Министерство водных ресурсов и ирригации РК.

В Единой информационной системе, созданной во исполнение поручения Главы государства, будут собраны все сведения по поверхностным и подземным водам.

В текущем году будет проведена работа по адаптации системы к местным условиям и ее дальнейшая интеграция с Национальной информационной системой водных ресурсов.

- Система Water Base обеспечивает мониторинг состояния подземных вод, создание реестра водных ресурсов, картографическую визуализацию, составление аналитической информации, оперативное получение данных из удаленных источников, включая датчики наблюдения, обмен информацией с другими организациями и подведомственными учреждениями, - сообщил вице-министр водных ресурсов и ирригации Талгат Момышев.

Параллельно при поддержке Германского общества по международному сотрудничеству (GIZ) реализуется проект по материально-техническому оснащению Ситуационного аналитического центра Национальной гидрогеологической службы.

По материалам Ж.Мухамедияровой, inform.kz,
фото: Министерство водных ресурсов и ирригации РК.

ЙОД ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ

Йод тапшылығы аурулары организмге йодтың жеткіліксіз түсуіне байланысты қалқанша безінің функциясының бұзылуына байланысты ағзаның патологиялық жағдайы, бұл балалардың интеллектуалды дамуының кешеуілдеуіне, туа біткен деформациялардың жиілігінің жоғарылауына, нәресте өлімінің жоғарылауына, неврологиялық бұзылуларға (көру және есту жүйкелерінің зақымдануы) әкеледі.


Йод тапшылығының алғашқы белгілеріне есте сақтау қабілетінің нашарлауы, солғындық, ұйқышылдық және т.б. Бұл белгілердің пайда болуы эндокринологпен кеңесуге себеп болады.

Йод жетіспеушілігінің негізгі көрінісі-эндемиялық зоб, яғни қалқанша безінің ұлғаюы. Біздің денеміз йод шығармайды, сондықтан йод көзі тамақ болып табылады. Ересек адам үшін йодты тұтыну мөлшері тәулігіне 150-200 микрограммды құрайды. Жүкті және емізетін әйелдерде қажеттілік 200-300 мкг дейін артады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, йод тапшылығы жағдайларының алдын алуды қол жетімді және қолайлы әдіспен шешуге болады - халықтың сапалы йодталған тұзды, тамақ өнімдерін күнделікті тұтынуы.

Йодтың ең жоғары концентрациясы теңіз балықтары мен теңіз өнімдерінде болады (800 - 1000 мкг/кг), әсіресе теңіз балдырлары йодқа бай. Олардың ішіндегі ең танымалы - теңіз қырыққабаты (балдыр). Балық майында йод өте көп.

Тәулігіне 6 грамнан аспайтын мөлшерде йодталған тұзды (йод мөлшері 40 мкг/кг тұз, орташа әлемдік стандарттарға сәйкес келеді) күнделікті тұтыну (ДДҰ ұсынған), адам ағзаның күнделікті физиологиялық қажеттілігін өмірлік маңызды микроэлементтермен қанағаттандырады. Йодталған ас тұзын қолдану йод тапшылығын алдын алудың ең әмбебап әдісі болып табылады. Тұз – бұл тағамға арнайы өңдеусіз қосылатын жалғыз минерал. Йодталған тұз – бұл дәрі емес, тамақ, бұл



профилактикалық өнім.

Йод жоғары ылғалдылықта және ашық ауада әрекеттескенде тез ыдырайды. Тұздың пайдалы қасиеттерін, атап айтқанда құрамындағы «йодты» сақтау үшін оны құрғақ, қараңғы жерде сақтау керек және жарамдылық мерзімі аяқталғаннан кейін тұтынбау керек.

Е.САРСЕНБАЕВ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

МИНЕРАЛДЫ АУЫЗ СУ ТУРАЛЫ



Бүгінгі күні сатып алушылар үшін дүкендерде ауыз судың мол таңдауы бар. Олар әртүрлі су көздерінен алынады және минералдануымен, газбен қанығу деңгейімен, иісімен, дәмімен ерекшеленеді. Мәселен, тұтынушылар ауыз суды таңдағанда не нәрсеге назар аударуы керек?

Ең алдымен таңбалауға қараңыз. Таңбалау сенімді ақпаратты қамтуы тиіс. Ауыз суды буып-түюге және таңбалауға қойылатын талаптар Еуразиялық

экономикалық одақтың «Табиғи минералды суды қоса алғанда, қапталған ауыз судың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентімен (ЕАЭО ТР 044/2017) реттеледі. Табиғи ауыз суды таңбалау мынадай ақпаратты қамтуы керек: «газдалған» немесе «газдалмаған» деген сөздер; су жинау орны туралы мәліметтер; жалпы минералдануы; сөздер – «негізгі құрамы» бұдан әрі табиғи ауыз судың химиялық құрамының элементтері және олардың мөлшерінің шекті мәндері көрсетіледі; көлемі 5 литр және одан да көп болса – ашылғаннан кейінгі сақтау шарттары мен жарамдылық мерзімі, табиғи минералды суды сипаттайтын биологиялық белсенді компоненттері көрсетіледі (олар болған кезде) және олардың мөлшерінің шекті мәндері. Ауыз судың әрбір түрі үшін мынадай атау көрсетілуі тиіс: асханалық табиғи минералды су үшін – «табиғи минералды асханалық ауыз су»; емдік-асханалық табиғи минералды су үшін – «табиғи минералды емдік-асханалық ауыз су»; емдік табиғи минералды су үшін – «табиғи минералды емдік су»; өңделген ауыз су үшін – «ауыз су».

Ал, балалар тағамына арналған судың таңбалауына және құйылуына келер болсақ, судың қай жастағы балаларға арналғаны туралы ақпарат көрсетілуі міндетті (0-ден 3 жасқа дейін немесе 3 жастан бастап).

Ауыз су мен минералды суды таңбалау туралы шағын ақпараттымыз сізге сапалы және қауіпсіз өнімді таңдауға мүмкіндік береді деп сенесіз.

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

"КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК"

Мен Мұнайбасова Құралай Ғазизқызы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Бастауыш білім беру педагогикасы» мамандығының 1-курс студентімін. Қазақстан тарихы сабағында пән оқытушысы Ахметова Лаура Қуандыққызы апайдың тапсырмасы бойынша «Көші-қон саясаты және ұлттық бірегейлік» тақырыбында мақала зерттей отырып, көші-қон саясатының қазақ халқы үшін маңыздылығын терең түсінуге тырыстым.

Кешегі өткен қилы заманның зардабы қанша уақыт өтсе де, санадан ошпейтіндей есте мәңгі сақталып қалғанын, зерделі қарттар бүгінгі ұрпаққа жеткізуде. Сол заман көрінісі естіген жұртқа ертегі секілді...

Аға ұрпақ өкілдерінің азаматтық парызы, сол кезеңдегі халықтың қайғысы мен азапты өмірін, келер ұрпаққа өзгеріссіз сол қалпында жеткізу.

Кейбіреулердің қарапайым қоңыр тірлікпен өткен өмірі, жай елеусіз тез ұмытылса, саналы азаматтар өзінің тірі кезінде көрген қиыншылығы мен қасіретті күндерін, келер ұрпағы көрмесе деп бір Алладан тілейді.

Сол 1930-1932 жылдардағы ашаршылық, ел санасына терең жара салған кенестік дәуірде, толық жабық тақырып болғаны баршамызға аян.

Аштық пен қуғын-сүргін зұлматы, көшпенді жұртты қынадай қырып салды.

Сол зұлмат тырнағынан еш қазақ әулиеті аман құтыла алған жоқ. Қазақ елін үш дүркін соққан дауылдай аштық апаты 4,5 миллионнан астам жанды опат еткенді.

Сол заманның тірі куәгері бүгінде жүзден асқан Яхия Тасыров атамның естелігі:

«Мен ашаршылық елде белең алған кезеңде өмір сүрген жанның бірімін. Мен 1925 жылы Қараөзек дариясының арғы беткі жағалауында дүниеге келіп, 8 жасымда әке-шешеден айырылып, туыстарым мені Ташкентке алып кетті. Аштықтың ажал тырнағынан осылай құтылғанмын. Мен бала кезімде ауылдағы ойын балаларыммен бірге, үлкендердің өздері белсенділерге айта алмайтынын бізге жаттатып, белсенді келе жатқанда,

Ей, белсенді, белсенді,
Көтере берме еңсеңді.
Ай жарылқап, күн тұса,
Кесерміз сонда желкенді.

деп бәріміз жарыса айтып қашып құтылатынбыз»,- деді Яхия Тасыров атам, сол қиын кезеңнің ауырталығын ұмыттырмай, тарихты жас ұрпаққа жеткізу әр адамның борышы екенін айтып.

Алайда бұл зұлмат жылдардың қасіретін бір ғана адамның тағдырымен шектеу мүмкін емес. Сол бір сұрапыл кезеңді бастан өткерген әрбір жанның жүрегінде ошпес жара қалды. Ашаршылық пен қуғын-сүргінді көзімен көріп, жадында сақтаған тағы бір тірі куәгер - сол дәуірдің ауыр шындығын бүгінге жеткізуші жандардың бірі, Жөлекәулы Шәймен, Шіркейлі ауылының тұрғыны болған. Туған жылы белгісіз. 1939 жылы ел ішінде ашаршылықтан әлі есін жимаған кез екен.

Үйдегі жанұяның керекі үшін деп, егіні жиналып кеткен егістік жерден қалған бірді-екілі дөңді жинап жүргенде, елдегі белсенділер сыртынан көрсетуімен органның адамдары тұтқындап, Қызылорда қаласындағы түрмеге әкеп қамайды. Қызылорда қаласындағы түрмедегі бірнеше адамдармен бірге, Шіркейлі елінен өзінен басқа үш адам барлығын Магнитогорск қаласының маңына жер аударады. Бір ауылдан шыққан төрт адамнан бір адам ғана тірі оралып, үшеуі сонда ауыр еңбекпен аштыққа шыдамай мерт болады. «Бірі - менің атам Шәймен. Маған бұл әңгімені менің әжем берген естелігі еді кезінде», деп Қызылорда қаласының тұрғыны Шәйменов Нұрлан өз сөзін аяқтады.

Осылайша, өткен ғасырдың сұрапыл жылдары қазақ халқының өмірінде терең із қалдырғаны айқын. Сол қиын күндерді бастан кешкен адамдардың естеліктері - ұрпаққа тарихты, қасіретті және өмірлік сабақтарды жеткізудің алтын дінгегі. Әрбір естелік бізге тек өткенді еске салмай, сонымен бірге болашақты бағалауды, қиыншылыққа төзімді болуды үйретеді. Сондықтан бұл әңгімелерді есте сақтау, тыңдау және келер ұрпаққа жеткізу - әр азаматтың борышы әрі адамгершілік парызы.

Құралай Ғазизқызы МҰНАЙТБАСОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің «Бастауыш білім беру педагогикасы» бөлімінің 1-ші курс студенті.

Лаура Қуандыққызы АХМЕТОВА,
тарих және құқық пәндерінің мұғалімі.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ



Атмосфералық ауа ластанушы көздер арқылы табиғи жолмен және адамның іс-әрекеті нәтижесінде ластаныды. Атмосфералық ауаны ластайтын барлық заттар, адам денсаулығына айтарлықтай теріс әсер етеді. Бұл заттар адам ағзасына негізінен тыныс алу жолдары арқылы енеді, сойтіп, жоғары тыныс жолдарының, жүрек, қан

тамырлары жүйесі мен әр түрлі аллергиялық аурулардың дамуына алып келеді. Ел аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау жүйесі жұмыс істейді, оның шеңберінде басым ластанушы заттардың концентрацияларына мониторинг жүргізіліп, олар белгіленген шекті жол берілетін концентрациялармен салыстырылады. Алынған деректер атмосфералық ауаның сапасын бағалау, қолайсыз жағдайларды анықтау және халықты ақпараттандыру үшін пайдаланылады.

Осындай себептерден де аудан бойынша сыртқы ауаның жағдайын зерттеу үшін мониторинг жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп, отырады. 2025 жылы аудандағы атмосфералық аудан сынама алу жұмыстары жыл басында магистральды көшелерде, вокзал, АЗС, күріш өңдеу зауыты, автомагистралдарда барлығы 5 бақылау нүктелері белгіленген болатын. Атмосфералық ауаны ластанушы көздерді анықтау мақсатында осы бақылау нүктелерден ҚР ДСМ №193/2020 бұйрығымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу қағидалары шеңберінде тоқсан сайын атмосфералық ауа сынамалары алынып, зерттелді. 2025 жылдың 12 айында атмосфералық ауаның 884 сынамасы алынды, оның ішінде шектеулі рұқсат етілген концентрациядан жоғары болу нәтижелері анықталған жоқ. Бұл жұмыстар, яғни ҚР ДСМ №193/2020 бұйрығы бойынша биылғы жылы да жалғасын табатын болады. Атмосфералық ауаның сапасын қамтамасыз ету қоршаған орта факторларының әсерінен туындайтын аурулардың алдын алуға және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

М.ЕРІМБЕТОВА,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ҚЫЗЫЛША

Қызылша - вирустан туындаған инфекция. Ауруды оңай анықтауға болатын ерекше белгілері бар (бөртпе). Қызылша өте жұқпалы, ауа арқылы таралады. Инкубациялық кезең бірнеше аптаға созылады. Инфекция ауа тамшылары арқылы беріледі. Науқаспен байланыста болған кезде (сөйлесу, түшкіру, жөтелу кезінде) бұрын қызылшамен егілмеген және ауырмаған адам 100% дерлік жұқтыруы мүмкін. Қызылша вирусы өте құбылмалы: қызылшаны науқаспен тікелей байланыста болмай, онымен бір үйде болу арқылы жұқтыруға болады. Вирус тез өледі, сондықтан тұрмыстық заттар, ойыншықтар, киім-кешек арқылы жұқтыру мүмкін емес. Ауру үш кезеңнен тұрады: катаральды, бөртпе кезеңі және пигментация кезеңі.

1. Қызылшаның алғашқы белгілері аурудың катаральды кезеңінде көрінеді. Бұл кезең ұзаққа созылмайды, тек 3-5 күн, және алғашқы



нақты белгілердің пайда болуымен сипатталады: ұйқышылдық пен тез шаршау пайда болады. Жөтел және мұрыннан су ағу пайда болуы мүмкін, сонымен қатар дене температурасы аздап көтерілуі мүмкін. Бұл кезеңде қызылшаның негізгі симптом-тістердің түбінде аузында ерекше бөртпенің пайда болуы. Мұндай дақтардың айналасында айқын қызаруы бар сұрақ бастары бар. Бұл дақтардың болуы ауруды ерте диагностикалауға және қажет болған жағдайда баланы уақытылы оқшаулауға көмектеседі.

2. Бөртпелер кезеңі катаральды кезеңмен ауыстырылады. Терідегі қызылша бөртпесі-бұл кезеңге тән белгі. Ол бастапқыда құлақтың артында және шаштың өсу аймағында бас терісінде пайда болады, бетке, мойын аймағына және кеудеге таралады. Екінші күні иықтың, қолдың, Арканың, іштің терісі бөртпемен жабылады, үшіншісінде саусақтары қоса, төменгі аяқтар, ал бет бозарады. Бөртпе кезеңі қызылшаның биіктігі болып саналады.

3. Пигментация кезеңі. Бөртпе пайда болғаннан бастап 3-4 күн ішінде жағдай жақсартады. Температура қалыпқа келеді, бөртпе жоғалады, пигментация қалады (ол уақыт өте келе жоғалады). Қалпына келтіру кезінде ұйқышылдық, ашуланшақтық және шаршаудың жоғарылауы қалады.

Қызылшаның алдын-алу оның денсаулығы мен толыққанды дамуының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Сондықтан қызылшаға қарсы егу профилактикалық егу күнтізбесіне кіреді. Алғашқы вакцинация 12-15 айлық дені сау балаларға беріледі. Вакцинаны қайта енгізу (ревакцинация) 6 жасында, мектеп алдында жүзеге асырылады. Вакцинада баланың иммунитеті дамитын тірі әлсіреген қызылша вирустары бар. Қызылшаға қарсы егу реакциясы әртүрлі болуы мүмкін. Вакцинациядан кейінгі реакциялар қызылша белгілерімен өте жақсы жүреді, бірақ олар жеңілдетілген түрде және қысқа мерзімде жүреді.

Г.ТУСМАҒАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ЛИСТЕРИОЗ

Листерия – жұқпалы ауру, оның қоздырғышы *Listeria monocytogenes* бактериясы. Бұл микроорганизм сыртқы ортаға төзімділігімен ерекшеленеді және көбіне тағам арқылы адам ағзасына енеді. Листерия әсіресе жүкті әйелдер, жаңа туған нәрестелер, қарт адамдар және иммунитеті төмен тұлғалар үшін қауіпті.

Жүгу жолдары. Листерияның негізгі жүгу жолдары:

• ластанған тағам өнімдері (шикі сүт, жұмсақ ірімшіктер, шала піскен ет);

- жеткіліксіз термиялық өңделген тағам;
- жануарлармен тікелей байланыс;
- жүкті әйелден ұрыққа (плацента арқылы).


Аурудың түрлері. Листерия клиникалық көрінісіне қарай бірнеше түрде кездеседі:

1. Жеңіл (гастроэнтериттік) түрі – іш өту, құсу, әлсіздік.
2. Жүйкелік түрі – менингит, энцефалит белгілері байқалады.
3. Септикалық түрі – қанға тарап, ауыр өтеді.
4. Жүкті әйелдердегі листериоз – жеңіл белгілермен өтсе де, ұрық үшін аса қауіпті.

Негізгі белгілері: дене қызуының көтерілуі; әлсіздік, бас ауруы; бұлшықет ауруы; жүрек айну, іш өту; мойынның сіресуі (ауыр түрінде).

Алдын алу шаралары

- тағам өнімдерін дұрыс сақтау және толық пісіру;
- шикі сүт өнімдерін қолданбау;
- ас үй тазалығын сақтау;
- жүкті әйелдерге қауіп төндіретін тағамдарды шектеу;
- мал өнімдеріне ветеринарлық бақылау жүргізу.



Емі. Листерия антибиотиктермен емделеді. Ауруды ерте анықтау ем нәтижесін айтарлықтай жақсартады.

Қорытынды. Листерия - тағам арқылы жұғатын қауіпті инфекциялық ауру. Жеке гигиена ережелерін сақтау және тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету аурудың алдын алудың негізгі жолы болып табылады.

Г.САЙЫМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ҚАРТБАЙ ҚАРТТЫҢ ТУҒАН ЖЕРГЕ ОРАЛУЫ



Кенес кезінде 1925 жылы Қарақалпақ автономиялық аймағы құрылған. Одан кейін 1932 жылы Қарақалпақ Автономиялық Совет Социалистік Республикасы (АССР) болды. 1936 жылы бұл аумақ Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы (Өзбек ССР) құрамына ресми түрде қосылды – яғни Кенес үкіметінің шешімімен Өзбекстанның бір бөлігіне айналды. Бұл тарихтағы негізгі қосылу жылы.

Бұл шешім Кеңес Одағы ішіндегі әкімшілік бөліністерді (ұлттар мен аймақтарды бөліп-бөліп топтастыру) ұйымдастыру нәтижесінде қабылданды. Сол кезде Мәскеудің шешімі бойынша Қарақалпақстанның Өзбек ССР құрамына біріктірілуі этникалық, экономикалық және әкімшілік есептерге байланысты болды. Осылайша Өзбекстан елінің құрамына Қарақалпақстан қосылып бір елге айналды. Осы уақытта Нөкіс қаласында ағамыз желтоқсан айының 31і дүниеге келген екен.

Қартбай атаның ең үлкен арманы - “молда” болу еді. Кезінде Қартбай Тәжібекұлының әкесі балықшаруашылығымен қарқынды түрде айналысқан. Халықтарға балық жеткізіп отырып, өз жұртын балықпен қамтамасыз етіп отырған жүрегі кең жан болыпты. Жалпы ең сүйікті хоббиінің бірі осы балықшаруашылығы, балықтарға ау салу деген секілді істер болған. Осы салада Қартбай атаның әкесі үздіксіз жүріп, жұмыс істеп өзінің бір тылсым күдіреті сөзіліпті. Яғни ол кісінің молдалық күдіретімен “балықтарға дем салу” ісі бар екен. Осылайша балықтардың өмірін сақтап, оларға дем салып жүріп молдалық бойына толықтай дарыған. Осы күдірет бүгінге дейін, әкеден-балаға қалған бірден-бір мұра ретінде молдалық Қартбай ағамызға жеткен. Қартбай ата ислам діні жолындағы әрі ұстаз, әрі имам, әрі намазхан, әрі молда болып отыр. Талай мешіттің табалдырығын тоздырып, талай жыл бойы көк тәңірге сыйынған, ислам діні жолындағы шәкірттің үздігі болыпты.

Қартбай Тәжібекұлы жас кезінде киноцентрдің бас инженері болып жұмыс жасап, бұл саласында майын тамызған жан-жақты кісі.

Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен “Қазақстанның санын көбейту” жоспары бойынша “Қазақстанға оралман ретінде адамдарды әкелу” болды. Осы шығарылған шешім бойынша Қартбай ағамызға шақырту хаты жеткізіліп, Қазақстандық азамат болуға ұсыныс тасталды. Содан соң ағамыз ұсынысты қабыл алып Қазақстан еліне Қызылорда облысына 2002 жылы қоныс аударып, толықтай Қазақстандық азамат болып атанды. Міне осылайша Қартбай Тәжібекұлы “оралман” атағын алған жан екен.

Назым НУРАЛИҚЫЗЫ,
Мәншүк Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледжінің
ББ-Б-25 тобының студенті.

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан сообщает, что с марта 2026 года вступают в силу изменения в Кодекс об административных правонарушениях, направленные на усиление контроля за благоустройством городов и населенных пунктов.

Законом Республики Казахстан, подписанным Главой государства 30 декабря 2025 года, местным исполнительным органам городов Астаны, Алматы, Шымкента и всех областей предоставлено право составлять административные протоколы по статьям 434-2 и 505 КоАП, за загрязнение мест общего пользования и нарушение правил благоустройства. Ранее эти меры могли применять только органы внутренних дел.

Новые полномочия позволят быстрее и эффективнее реагировать на нарушения, включая несанкционированный выброс отходов, повреждение зеленых насаждений, а также порчу городской инфраструктуры. Следует отметить, только в прошлом году за подобные правонарушения к ответственности привлечено более 591 тысячи человек, из них свыше 189 тысяч за загрязнение общественных мест и более 403 тысяч за нарушение правил благоустройства.

Общая сумма наложенных штрафов составила 5,2 миллиарда тенге.

Министерство отмечает, что новые меры не только повысят эффективность профилактики нарушений, но и поддержат развитие экологической культуры в рамках программы «Таза Қазақстан».

По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, www.gov.kz, photo.inalmaty.kz.

УСИЛЕНА ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ БЛАГОУСТРОЙСТВА В НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТАХ



АУЫЗ СУ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ



Су-тіршілік нәрі, сусыз біздің күніміз жоқ, соның ішінде ауыз су. Орталықтандырылған ауыз су органолептикалық қасиеттері иісі, дәмі, мөлдірлігі және химиялық құрамы адам организмі үшін қауіпсіз болып табылатын табиғи су.

Адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді, осыған байланысты ауыз суға мемлекеттік санитарлық талаптар қойылады.

Осы стандартқа сәйкес ауыз су эпидемиологиялық және радиациялық тұрғыдан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және жағымды органолептикалық қасиеттері болуы керек. Тұрғындардың шаруашылық-ауыз су қажетіне пайдаланытын су гигиеналық талаптарға сәйкес

келуі қажет.

-органолептикалық қасиеттері жағымды, мөлдір, түссіз болуы керек.

-адам ағзасына зиянды әсерлерді беру қабілеті бар тұздар мен ұяты заттардың шамадан артық мөлшерде болмауы.

-патогенді қоздырғыштардың гельминттердің жұмыртқалары және личинкаларының болмауы.

Ауыз судың сапасын қадағалап адам организміне зиянын болдырмау мақсатында Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, жұмыс жасауда.

Ауданымызда орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін «ҚАЗСУШАР» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр Суы» филиалы Сырдария ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі атқарады. Кәсіпорын ҚР ДСМ СЭБҚ «Ұлттық сараптама орталығы» «Қызылорда облысы бойынша Сырдария аудандық бөлімшесімен келісім шарт жасап, халық тұтынып отырған ауыз судың сапасын үнемі қадағалау жүргізіп отырады.

Сонымен қатар басқарма мамандарымен аудандағы ауыз судың сапасына мониторинг жүргізіліп, зерттеуге ауыз су сынамааларын алынып, үнемі бақылауда. 2025 жылда орталықтандырылған ауыз судан мониторинг бойынша микробиологиялық зерттеуге 198 сынама алынып, сәйкессіздік анықталған жоқ. Санитариялық-химиялық зерттеуге 198 сынама алынып, 9 сәйкессіздік анықталып, тиісті органға мәлімет берілді.

Басқарма тарапынан аудан тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне, ауыз су арқылы тарайтын жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізуі жалғасын таба береді.

М.ЕРІМБЕТОВА,

Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ. ЧТО ИЗМЕНИЛОСЬ В 2026 ГОДУ?

1) Как изменились размеры пенсионных выплат из ЕНПФ в 2026 году?
Размер пенсионных выплат из ЕНПФ пенсионерам, которые вышли на заслуженный отдых ранее, до 2026 года, с 1 января увеличился на 5%.

Напомним, что выплаты из ЕНПФ осуществляются согласно Методике осуществления расчета размера пенсионных выплат, утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2023 года. В соответствии с ней, выплаты гражданам, выходящим на пенсию, рассчитываются следующим образом: в первый год получения выплат сумма пенсионных накоплений умножается на ставку выплат пенсионных накоплений 6,5% и делится на 12. В последующие годы размер ежемесячной пенсионной выплаты увеличивается на ставку индексации пенсионных выплат в размере 5%. При этом ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществляется в размере не менее 70% от прожиточного минимума (далее - ПМ), установленного в соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете (в 2025 году ПМ - 50 851 тенге). Для получателей определенных категорий: лиц с инвалидностью 1 или 2 групп, установленных бессрочно, а также, работавших на вредных и опасных производствах, чьи накопления сформированы за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов в совокупности не менее шестидесяти месяцев, Методикой предусмотрены поправочные коэффициенты, повышающие размер ежемесячной пенсионной выплаты. Для лиц, удовлетворяющих более чем одному из вышеуказанных условий, применяется поправочный коэффициент с наибольшим значением. Пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете.

2) Какова ставка обязательного пенсионного взноса работодателя в 2026 году?

С 1 января 2026 года ставка обязательного пенсионного взноса работодателя (ОПВР) увеличилась до 3,5% от дохода работника (ежегодно размер ОПВР поэтапно растет - 1,5% в 2024 году, 2,5% в 2025 году, 3,5% в 2026 году, 4,5% в 2027 году и в 2028 году составит 5%).

Напомним, что с 1 января 2024 года накопительная система Казахстана была дополнена новым компонентом - обязательными пенсионными взносами работодателя (ОПВР). Согласно принятым изменениям, каждый работодатель обязан перечислять в ЕНПФ, помимо обязательных 10-процентных взносов от дохода работника, дополнительные взносы за счет собственных средств в пользу своих работников, родившихся после 1 января 1975 года.

Сумма, из которой высчитывается ОПВР, не может быть меньше минимальной заработной платы (МРЗП) и превышать 50-кратный МРЗП, установленный на соответствующий год. Лица пенсионного возраста, лица с бессрочной инвалидностью 1-й и 2-й групп, военные, а также лица, родившиеся до 1 января 1975 года, освобождены от уплаты ОПВР.

3) Что такое «специальный налоговый режим» (СНР)?

С 1 января 2026 года в Казахстане в связи со вступлением в силу нового Налогового кодекса РК и внесением изменений в Социальный кодекс РК введены обновленные специальные налоговые режимы (СНР): СНР для самозанятых, СНР на основе упрощенной декларации, а также СНР для крестьянских или фермерских хозяйств (КФХ). Эти режимы регулируют уплату не только налогов самозанятыми гражданами, но и обязательных видов пенсионных взносов.

4) С какой целью введены обновленные «специальные налоговые режимы» (СНР)?

Внедрение СНР для самозанятых, СНР на основе упрощенной декларации, СНР для КФХ направлено на:

- расширение охвата пенсионной и социальной системой за счёт активного вовлечения самозанятых и микробизнеса;
- упрощение ведения бизнеса для миллионов граждан Казахстана;
- дальнейшую цифровизацию налогового администрирования через мобильные приложения и онлайн-платформы.

Данные нововведения позволяют формировать пенсионные накопления, обеспечат социальную защищенность работающих граждан и создадут стимулы для выхода из «тени».

5) Какие виды «специальных налоговых режимов» введены?

1. СНР для самозанятых, в том числе осуществляющих деятельность с использованием интернет-платформ

Внедряемый с 2026 года СНР для самозанятых предназначен для физических лиц (граждан Казахстана, кандасов), не являющихся индивидуальными предпринимателями (ИП) и не использующих труд наемных работников. СНР для самозанятых распространяется на ограниченный перечень видов деятельности, утверждаемый Правительством РК.

Лимит дохода самозанятых, применяющих СНР, за календарный месяц не должен превышать 300-кратный размер месячного расчетного показателя (МРП), действующего на 1 января соответствующего финансового года (3 600 МРП в год).

Самозанятые, применяющие данный СНР, самостоятельно уплачивают обязательные пенсионные взносы (ОПВ), обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПВР) с полученных ими доходов.

Ставки пенсионных взносов по СНР для самозанятых составляют:

- ОПВ - 1% от дохода,
- ОПВР - 1% от дохода.

Самозанятые будут применять данный СНР с использованием специального мобильного приложения на основании его чеков и других сведений о доходах, полученных из иных источников. Учет доходов в местах отсутствия сети телекоммуникаций общего пользования в СНР для самозанятых ведется в простой форме, разработанной ими самостоятельно, с указанием даты, наименования операций, сумм, полученных в результате каждой операции, итоговой суммы за каждый день, за месяц.

С самозанятых, применяющих СНР и осуществляющих деятельность с использованием интернет-платформ и (или) мобильных приложений платформенной занятости, удерживать и перечислять ОПВ и ОПВР будет оператор интернет-платформы

2. СНР на основе упрощенной декларации

СНР на основе упрощенной декларации вправе применять ИП и юридические лица - резиденты Республики Казахстан, за исключением налогоплательщиков, указанных в пункте 2 статьи 723 Налогового кодекса РК (юридических лиц, в которых доля участия других юридических лиц составляет более 25 процентов, некоммерческих организаций, участников специальных экономических и промышленных зон и т.д.).

СНР на основе упрощенной декларации вправе применять при соответствующих условиях лица:

- предельный доход которых за календарный год не превышает 600 000 - кратный размер МРП, действующего на 1 января соответствующего финансового года;
- осуществляющие виды деятельности, не включенные в определенный Правительством РК перечень, в отношении которого запрещено применение СНР на основе упрощенной декларации.

Ставки пенсионных взносов для СНР на основе упрощенной декларации стандартные:

- ОПВ - 10% от дохода,
- ОПВР - 3,5% от дохода в 2026 году с последующим ежегодным повышением до 5% в 2028 году.

3. СНР для крестьянских или фермерских хозяйств

СНР для КФХ вправе применять крестьянские или фермерские хозяйства при наличии на территории Казахстана земельных участков на правах частной собственности и (или) землепользования (включая право вторичного землепользования).

Выбранный СНР для КФХ не подлежит изменению в течение календарного года за исключением случаев, когда деятельность КФХ перестает соответствовать условиям его применения.

Ставки пенсионных взносов СНР для КФХ составляют:

- ОПВ - 10% от дохода,
- ОПВР - 3,5% от дохода 2026 году с последующим ежегодным повышением до 5% в 2028 году.

Уплата ОПВ, ОПВР в рамках СНР для самозанятых, СНР на основе упрощенной декларации, а также СНР для крестьянских или фермерских хозяйств (КФХ) осуществляется не позднее 25 числа месяца, следующего за месяцем получения дохода.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРҒА ҚАРСЫ ИММУНДАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Адам организміне вакцина немесе арнайы тәсілмен дайындалған антигендік қасиеті бар заттарды енгізу арқылы белгілі бір жұқпалы аурудан алдын ала сақтандыру үшін қолданылатын әдіс- егу, вакцинация деп аталады.

Ұлттық вакцинация кестесіне енгізілген барлық вакциналар баланы қауіпті инфекциялардан мүмкіндігінше қорғауға бағытталған. Бұл инфекциялар вакцинамен емделетін болып саналады және еке олардың алдын алудың ең жақсы жолы болып табылады.

Вакцинация- қауіпті жұқпалы аурулардан қорғаудың ең тиімді әдістерінің бірі. Вакцинация аурудың өршуіне жол бермейді, асқын қауіпін азайтады және вакцинацияланғандарды ғана емес, айналасындағыларды да қорғайды.

Вакцинация неге маңызды?

- * қауіпті инфекцияларға тұрақты иммунитет қалыптасады;
- * Аурудың ауыр ағымының қауіпі төмендейді;
- * Эпидемия мен пандемияның алдын алады;
- * Иммунитеті төмен адамдар (балалар, қарттар, созылмалы аурулары бар науқастар) қорғалады.

Өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз- вакцинацияны кешіктірмеңіз!

Жұқпалы ауруларға қарсы егудің бірнеше түрі бар:

- 1.Міндетті егу - балаларға (туберкулез, қызылша, күл, сіреспе, көкжөтел, гепатит, т.б. ауруларға қарсы), нәрестелі бола алатын әйелдер және қыздарға қызамыққа қарсы;
- 2.Жоспарлы- кәсіби егу - мал шаруашылығымен айналысатын немесе олардың өнімін өңдейтін адамдарға кәсіптік қарсы;
- 3.Эпидемиялық көрсеткіш бойынша егу - нақты аймақтағы



тұрғындар арасында індет қауіпі төнген кезде жүргізіледі. Егу көбінесе инфекциялық тәсілмен (тері астына, бұлшық етке) атқарылады.

Барлық вакциналар медициналық иммунобиологиялық препараттар болып табылады, дәрігердің қадағалауымен енгізіледі және арнайы технологияны қолдана отырып өңделді. Вакциналар тек өздері тағайындалған аурулардан қорғайды.

Қ.ОМАРОВА,

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ХАЛЫҚТЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САЛАМАТТЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА САТЫП АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен өнім қауіпсіздігін бақылау мақсатында, 2025 жылғы бекітілген жоспар-кестеге сәйкес 22 нысаннан барлығы 189 сынамаалар іріктеліп,



сатып алынды. Сатып алынған 189 сынама (45- отандық, 95 - ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер, 49- өзге елдер), оның ішінде тамақ өнімдерінен - 159, тамақ емес өнімдерінен - 30 сынамаалар іріктеліп алынды. Алынған 189 сынаманы түрлерімен жіктейтін болсақ; май және май өнімдері-10, ет және ет өнімдері-10, балық және балық өнімдері-15, құс және құс өнімдері -15, шырпындар-9, алкогольсіз сусындар-16, алкогольді өнім - 1, емдік ауыз су- 3, буып-түйілген ауыз су-4, сүт және сүт өнімдері-32, ұн және жарма өнімдері- 10, балалар тағамынан-3, кондитерлік өнім-11, жеміс-көкөніс-11, басқа да - 6, ББҚ - 3, балалар

және жасөспірімдер өнімі- 14, ойыншықтар-8, жеке гигиена-3, тұрмыстық химия өнімінен -4, тамақ өнімдерімен байланысатын өнім -1 сынамаалар алынды.

Жүргізілген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижесімен 34 сынама (сүт және сүт өнімдері-9, құс еті және құс еті өнімдері-2, балық өнімі-3, ұн және жарма өнімдері - 2, алкогольсіз сусындар-1, май өнімі-1, ойыншықтар-7, тұрмыстық химия-2, жеке гигиена-1, жеңіл өнеркәсіп өнімі-6) техникалық регламенттер талаптарына, яғни таңбалануы бойынша талаптарға сай болмай шықты. Атап айтқанда, мемлекеттік тілде мәлімет көрсетілмеген, шығарылатын күні (айы, жылы), ЕАС өнімдерінің бірыңғай айналым белгісі, дайындаушының, импорттаушының атауы және орналасқан жері, олармен байланыс үшін ақпарат көрсетілмеген. Сәйкес келмеген өнімдер бойынша 12 жеке кәсіпкерлерге «Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына және (немесе) Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнімді (тауарды) алып қою және өткізуден кері қайтарып алу туралы жедел ден қою шараларын қолдану туралы» Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 14 қаулысы беріліп, орындалуы бойынша жауаптары алынды. 13 сауда дүкендерге жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізілді, бұзушылықтар анықталған жоқ. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы тергеу-тексеру бойынша 1-нысан тексерілді, бұзушылықтар анықталған жоқ.

Тағам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі техникалық регламенттер, қауіпсіз тағам өнімдерін пайдалану, тағам өнімдерін өндіру, тасымалдау, сақтау, сатумен айналысатын жеке кәсіпкерлерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ЭКОЖАҒАЛЫҚТАР

ЭКОНОВОСТИ

БУДУЩЕ ВЫБРОСЫ ОПРЕДЕЛЯТ СУДЬБУ ВЫРАЩИВАНИЯ АВОКАДО



Климатологи и агрономы предупреждают, что будущее глобального производства авокадо напрямую зависит от текущих и будущих уровней выбросов парниковых газов.

Авокадо - влаголюбивая культура, чувствительная к высоким температурам и засухе. Моделирование показывает, что при интенсивном сценарии выбросов ключевые регионы выращивания столкнутся с учащением экстремальных погодных явлений, дефицитом воды и дальнейшим ростом температур. Это может привести к резкому увеличению цен, смещению производственных зон и росту нагрузки на водные ресурсы.

Устойчивое будущее для авокадо возможно лишь при быстром сокращении выбросов, которое позволит смягчить климатические изменения. Таким образом, судьба этой популярной сельскохозяйственной культуры становится наглядным индикатором глобальных климатических рисков для продовольственной безопасности.

По материалам gismeteo.ru,
фото © Shutterstock/FOTODOM.

Құрылтайшы -
Қызылорда
облыстық
«Сыр Табиғаты»
заңды тұлғалар
Ассоциациясы

Редактор
Акбота Абенова

Газет Қазақстан
Республикасы
инвестициялар және
даму Министрлігі
байланыс,
ақпараттандыру және
Ақпарат Комитетінде
қайта тіркелген.

Тіркеу куәлігі
№15905-Г, 25.03.2016ж.

Жекеленген
авторлардың пікірі
редакция көзқарасын
білдірмейді,
қолжазбалар
қайтарылмайды.
«Сыр Табиғаты»
газетінде жарияланған
мақала көшіріліп
басылса, сілтеме
жасалуы міндетті.

Жарнама және
хабарландыру мәтіні
мен мазмұнына
редакция жауап
бермейді.

Газет редакцияның
компьютер
орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа
үйі» ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің басылу
сапасына баспахана
жауапты.

Офсеттік басылым.
Көлемі 2 баспа табақ.

Жазылу индексі - 68116

Редакцияның
мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Қайнарбаев көшесі, №33.
Толық мәлімет алу үшін:
8-777-563-76-92
телефонына хабарласуға
болады.

E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

Басылым апта
сайын жарық
көреді

Тапсырылыс
№ 185

Таралым 500

ЭКСПЕРТ ПРЕДУПРЕДИЛ ОБ ОПАСНОСТИ ВЫБРОШЕННЫХ В МУСОР БАТАРЕЕК



Выбрасывание использованных батареек вместе с бытовым мусором может привести к возгоранию. Об этом сообщил эксперт Г.Цертели, обратив внимание на риски, связанные с неправильной утилизацией элементов питания.

По его словам, в мусорных контейнерах батарейки часто оказываются под давлением пакетов с отходами, сталкиваются друг с другом или соприкасаются с металлическими предметами. В таких условиях возможно короткое замыкание, даже если речь идет о небольшом элементе питания.

При замыкании батарейка быстро нагревается. Это приводит к разложению электролита и выделению горючих газов, которые способны воспламениться. В результате огонь может перекинуться на окружающий мусор, что создает угрозу пожара.

Особую опасность, по словам специалиста, представляют литиевые батарейки, выброшенные без изоляции контактов. В этом случае вероятность короткого замыкания значительно возрастает. Кроме того, к потенциально опасным отходам относятся электрические инструменты, пауэрбанки и источники бесперебойного питания.

Чтобы снизить риск возгораний, эксперт рекомендует не выбрасывать батарейки в обычные мусорные контейнеры. Вместо этого их следует сдавать в специальные пункты утилизации, предварительно изолировав контакты.

По материалам gismeteo.ru,
фото Esich Elena / Shutterstock.com.



ТОО «КазЭкосистемс»

(гослицензия 01259 №0042510
от 25.09.2008 г.) представляет
следующие виды услуг в области
охраны окружающей среды:

1. Оказание консультационных услуг в области охраны окружающей среды

3. Организация в проведении общественных слушаний

5. Подготовка послепроектного анализа отчета о возможных воздействиях

6.1 Разработка проектов нормативов эмиссий (нормативы допустимых выбросов, нормативы допустимых сбросов)

6.3 Составление паспорта опасного отхода

6.5 Составление проекта плана мероприятий по охране окружающей среды

8. Разработка раздела «Охрана окружающей среды» в составе проектной документации при подготовке декларации для III и IV категории

10. Составление проектов обоснования санитарно-защитной зоны (предварительная, окончательная)

12. Консультация и содействие в формировании пакета документов для получения лицензии для юридических лиц, занимающихся деятельностью по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов.

2. Составление и содействие в подаче заявления о намеряемой деятельности в уполномоченный орган в области ООС

4. Подготовка отчета о возможных воздействиях при оценке воздействия на окружающую среду

6. Составление заявления на получение экологического разрешения на воздействия, в том числе:

6.2 Составление программы управления отходами для I и II категории

6.4 Разработка программы производственного экологического контроля (ПЭК)

7. Составление отчета производственного экологического контроля

9. Подготовка и содействие в подаче декларации о воздействии на окружающую среду для III категории

11. Составление квартальных отчетов, согласно условий экологического разрешения, статистических отчетов, налоговых отчетов по форме 870.00.

Наш адрес: г. Кызылорда,
ул. Байтурсынова, 48.
эл.адрес kazecosystems@mail.ru

тел. 8 7242 27 52 99

ПРИБРЕТАЙТЕ ПОДПИСКУ
И ПОЛУЧАЙТЕ СВЕЖИЕ
ВЫПУСКИ ГАЗЕТЫ ПО
ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ

syr.tabigaty@gmail.com

www.syrtabigaty.kz

Наш адрес: г.Кызылорда, ул.Кайнарбаева, 33
+7 777 563 76 92

